

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнулина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҢҒАА. САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	51 60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

Ж.Е. АБЖАМАЛОВА¹



Г. САҒИДОЛДА²



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: zhanar.abzhamalova@mail.ru¹, asem963@mail.ru²)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗАТТЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Аңдатпа. Түркі тілдерінің тұрмысқа, күнделікті өмірге қатысты сөздері мен ұғымдарын салыстырып, олардың мағынасы мен қолдану ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі. Себебі, кез келген тілдің лексикалық қорында әр ұлттың этникалық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері көрініс табады. Әрбір тілдегі сөздер мен ұғымдар, олардың қолданылу контексті халықтардың дүниетанымын, тұрмыс-салтын және мәдени дәстүрлерін көрсетеді. Қазақ және өзбек тілдері – түркі тілдерінің бір тармағына жататын, тарихи тамыры тереңде жатқан туыс тілдер. Ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан тілдік байланыстар нәтижесінде екі тілде де ортақ лексикалық қор қалыптасқан. Әсіресе, бұл заттық-тұрмыстық лексика саласында айқын көрінеді. Лексикалық қабат халықтың тұрмысы, шаруашылығы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі туралы мол мағлұмат береді.

Мақалада бауырлас екі халықтың тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексика мен олар білдіретін ұғымдар мәдени контекстке байланысты түрлі мағыналарға ие болуы мүмкін екендігі, тұрмыстық лексика мәдени құндылықтарды сақтайтын құрал болғандықтан, қазақ және өзбек тілдеріндегі тұрмыстық-заттық лексика өз халқының дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын жеткізуде маңызды рөл атқаратынына назар аударылады. Оларды салыстыру қазақ және өзбек халқының салт-дәстүрлері мен дүниетанымындағы, дүние – әлемді көруі мен түйсінудегі, ғасырлар бойы қордалаған өмірлік іс-тәжірибесіндегі ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктерді айқындауға жетелері, сонымен қатар мәдениетаралық және тіларалық әрекеттестіктің өзара нығаюы мен ықпалдасуына белгілі дәрежеде әсерін тигізері сөзсіз.

Түйін сөздер: түркі тілдері, қазақ тілі, өзбек тілі, заттық-тұрмыстық лексика, этникалық мәдениет, мәдени құндылықтар.

Кіріспе. Тіл – халықтың мәдениетін, дүниетанымын, тұрмысын бейнелейтін ең басты құрал. Әрбір тілдің лексикалық қоры, сөздер мен ұғымдардың қолданылу ерекшеліктері сол халықтың ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрін және тарихи дамуын айқындайды. Түркі тілдерінің ішкі құрылымындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді саралау, әсіресе заттық-тұрмыстық лексика саласындағы семантикалық сәйкестіктерді анықтау қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі. Әр ұлттың тарихи дамуы мен мәдени ерекшеліктері олардың лексикасына әсер еткен, сондықтан бірдей заттық-тұрмыстық ұғымдар әр түрлі тілдерде әрқалай аталуы мүмкін.

Тілші-ғалым Н. Уәли: «Әр халықтың, ұлттың тарихи даму барысында жасалып, тілдік санасында сақтаған мәдени-рухани байлығы болады. Заттық мәдениет, рухани мәдениет, дене мәдениеті дегендер ұлттық мәдениеттің түрлері мен салалары. Этномәдени қордың дүниеліктері тілдің жинақтаушы, ұластырушы (трансформациялаушы) және қайта жаңғыртушы (ретрансляциялаушы) қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып,

ұлттың әрі қарайғы мәдени-рухани дамуының іргетасы болады. Олардың практикада, өмір тәжірибесінде қолданылмайтын түрлері де жиі кездесуі мүмкін. Алайда ондайларды «күні өткен» керексіз дүниеліктер деп, материалдық және рухани құндылықтар қатарынан шығарып, мансұқ ету көрсоқырлық болар еді [1, 44] – деп, ұлттың өзін-өзі қалай дамытатындығын, өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың үнемі жолын іздестіретіндігін айтқан.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Түркі тілдерінің бір тармағына жататын қазақ және өзбек тілдері ғасырлар бойы өзара мәдени байланыста болғандықтан, олардың арасында көптеген ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Қазақ және өзбек тілдеріндегі тұрмыстық лексика екі халықтың мәдениеті мен өмір салтын айқындайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл лексикадағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, ең алдымен, екі халықтың тұрмыс-салтының ерекшеліктеріне байланысты. Осыған байланысты, бұл жұмысымызда қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра қарастыруды жөн көрдік.

А. Байтұрсынұлы «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, ...» екенін айта отырып, тілдегі лексикалық байлықты ұлттың рухани дүниесінің кілті ретінде бағалаған [2, 141]. Осы тұрғыдан алғанда, заттық-тұрмыстық лексиканы салыстырмалы аспектіде зерттеу тек тілдік емес, этнолингвистикалық, мәдени лингвистикалық деңгейдегі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Заттық-тұрмыстық лексика дегеніміз – адамның күнделікті тіршілігіне, шаруашылығына, үй-тұрмысына, киім-кешекке, тамақтануға және тұрмысқа қажетті заттарға байланысты атаулар жиынтығы. Бұл лексика саласы тілде көне дәуірден сақталып келе жатқан, көбінесе тұрақты этнографиялық сипатқа ие сөздерден тұрады. Ғалым С. Исаев бұл лексикалық қабатты «халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін бейнелейтін тілдік код» [3, 67] – деп сипаттайды.

Талқылау мен бақылау. Түркі тілдерінің бір тармағына жататын қазақ және өзбек тілдері ғасырлар бойы өзара мәдени байланыста болғандықтан, олардың арасында көптеген ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Қазақ және өзбек тілдеріндегі тұрмыстық лексика екі халықтың мәдениеті мен өмір салтын айқындайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл лексикадағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, ең алдымен, екі халықтың тұрмыс-салтының ерекшеліктеріне байланысты. Осыған байланысты, бұл жұмысымызда қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастыруды жөн көрдік.

Қазақ және өзбек тілдерінде заттық-тұрмыстық лексика көп жағдайда ұқсас болып келеді, өйткені бұл екі тіл түркі тілдеріне жататын, тарихи және мәдени байланыстары бар халықтардың тілдері. Мысалы, шапан (қазақ) және чарап (өзбек) – дәстүрлі киімдер. Кесе (қазақ) және piyola (өзбек) – шыныаяқ, қазан (қазақ) және qozon (өзбек) сөздері екеуі де ас пісіруге арналған үлкен ыдысты білдіреді. Бұл сөздер екі халықтың да ас әзірлеу, шай ішу дәстүрлерін көрсетеді. Сондай-ақ, кейбір сөздер дыбыстық өзгеріске ұшырағанымен, түбірі ортақ. Мысалы, «арба» (қаз.) және «aroba» (өзб.) – көлік түрі, «қымыз» (қаз.) және «qimiz» (өзб.) – ашытылған сүт сусыны, «бауырсақ» (қаз.) және «bodirsoq» (өзб.) – қуырылған қамыр, «балта» (қаз.) және «bolta» (өзб.), «шелек» (қаз.) және «chelak» (өзб.).

Осы киім, ыдыс, көлік, азық-түлік, тағам сияқты семантикалық тұрғыдан алғандағы сөздер екі елдің ғасырлар бойы бір-бірімен тығыз байланыста екендігін көрсетеді және көптеген ұқсас сөздердің болуына әкеліп отыр. Бұл атаулар екі халықтың да мәдениетінде маңызды орын алады, ал сөздердің ұқсастығы осы ортақтықты көрсетеді.

Үйдің ішкі жабдықтарына байланысты сөздерді салыстырғанда, «төсек» – қазақ тілінде ұйықтауға арналған орын, ал өзбек тілінде «karavot» сөзі осы мағынада қолданылады. Бірақ, қазақ тіліндегі «төсек» сөзі кең мағыналы: «төсек орын», «төсек салу», «төсек жаңарту», «төсек жаяр» және т.б. тіркестерде де кездеседі.

«Құрт» (қаз.) және «qurut» (өзб.) сөзі де бірдей тағамды білдіреді, екі тілде де бірдей айтылады. Алайда, құрт қазақ халқының көшпелі өмір салтына негізделген тағам түрі

болып табылады, оны ұзақ сақтауға және тасымалдауға болады. Өзбек тілінде де бұл тағам қолданылады, бірақ оның маңызды рөлі қазақ мәдениетінде айқынырақ көрінеді. Қазақтар құртты ұзақ сапарларға немесе малшы ауылдарға барғанда тамақ ретінде алып жүрсе, өзбектер мұны асқа қосымша ретінде қолданып, яғни өзбек ұлттық асханасының бір бөлігі болып табылады және оны сорпаларда, салаттарда немесе жай ғана тұзды тағам ретінде жеуге қолданады. Сондай-ақ, өзбек тілінде парсы-тәжік, араб тілінен енген тұрмыстық сөздер көбірек кездеседі: мәселен, «dasturxon» (дастархан), «qandil» (шам), т.б. Қазақ тілінде бұл сөздердің баламасы ретінде төл түркі сөздері қолданылады немесе араб-парсы сөздері де енгенімен, көбінесе жергілікті ерекшеліктерге сай бейімделген.

Кейбір сөздер тек бір халықтың ұлттық тұрмысын сипаттайды. Мысалы, тұрғын үй қазақ халқында «киіз үй» – дәстүрлі көшпелі тұрғын үй, өзбек халқында «xonadon», «уй» – балшық үй. Бұл жерде тұрғын үймен байланысты лексика өмір сүрудің қарама-қарсы тәсілдерін, атап айтқанда көшпелі және отырықшылық салтты көрсетеді. Қазақ халқына тән «кебеже», «ши», «сандық» сияқты тұрмыстық заттар өзбек тілінде сирек немесе басқа формада кездеседі. Өзбек халқына тән «supra» (ашық алаңша), «guzar» (орталық көше, базар) сөздері қазақ тілінде кездеспейді немесе тек кей аймақтарда ұшырасады.

Ал тұрмыстық лексикада кейбір сөздер бірдей айтылса да екі тілде түрлі мағыналарда қолданылуы мүмкін. Бұл айырмашылықтар халықтардың мәдени ерекшеліктеріне және өмір салтына байланысты. Мысалы, «тұмақ» (қаз.) аң терісінен тігілген жылы бас киім болса, «durpi» (өзб.) ұлттық нақыштағы, кестеленген немесе өрнектелген, ер адамдар киетін бас киімді білдіреді. Қазақтың «қамзол» және өзбектің «qamzul» сөздері әйелдердің ұлттық кеудешесін білдіреді, айырмашылығы пішіуі мен кестелеуінде.

Азық-түлік семантикасы тобындағы сөздердің айырмашылығына келейік.

«Құрт», «ірімшік» (қаз.) және «qatig», «suzma» (өзб.) мал шаруашылығының түрін көрсететін сүт өнімдері. «Сүр ет» (қаз.) кептірілген ет және «osh» (өзб.) күріш тағамы ас үйдің ерекшеліктерін көрсетеді. «Шұбат» (қаз.) және «ayron» (өзб.) түрлі сүттерден жасалған ұлттық сусындар.

Көлікке қатысты айырмашылықтар. Қазақтарда «жылқы», «түйе», «ер-тұрман», ал өзбектерде «eshak», «aroba», «koramol». Осы айырмашылықтарды мысал ретінде келтіре отырып, қазақ лексикасының көшпенділер мен малшыларға, өзбек лексикасының отырықшы егіншілер мен қолөнершілерге бағытталғанын атап өтуге болады.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексикадағы салт-дәстүрге қатысты сөздер халықтардың ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Қазақтардағы «тұсаукесер» – баланың алғашқы қадам басуы рәсімі, жүз-рулық тиістілікке, өзбектерде «суннат түй» – сүндеттеу рәсімі, махалла-көршілер қауымдастығына қатысты. Бұл мысалда қазақтарда - рулық құрылымға, өзбектерде – махалла ішіндегі әлеуметтік-мәдени дәстүрлерге баса назар аударылады.

Қазақ халқының мәдениетінде кеңдік, еркіндік пен ашықтық маңызды орын алады. Осыған байланысты, қазақ тіліндегі сөздер көбінесе кең мағынада қолданылып, кеңістік пен табиғатқа қатысты ұғымдарды жиі қамтиды. Кеңдік, еркіндік және ашықтық-бұл қазақ дәстүріндегі мәдени ұғымдар ғана емес, ғасырлар бойы қазақтардың дүниетанымы мен күнделікті өмірін қалыптастырған көшпелі өмір салтының көрінісі.

Кең дала, ашық көкжиектер, бір жерден екінші жерге тұрақты қозғалыс, жабық кеңістіктің болмауы – осының бәрі қазақтардың жеке бас бостандығына, тәуелсіздікке деген құрметке және ашық қарым-қатынас тәсіліне деген ұмтылысын тәрбиелеп отыр. Тіпті, олардың тұрғын үйі – «киіз үй» ұтқырлықты, икемділікті және табиғатпен байланысты білдіреді. Киіз үйдің өткір бұрыштары жоқ, оның есіктері әрқашан қонақтар үшін ашық – бұл қонақжайлылық пен ашықтықтың белгісі. Тұрмыстық заттар атаулары – халықтың материалдық мәдениеті мен рухани дүниетанымының көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. Бұл жайында академик Ә. Қайдар: «Тұрмыстық заттарды білдіретін сөздер – халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы мен дүниетанымын айқын бейнелейтін тілдік құрал. Әсіресе, көне дәуірден келе

жатқан киіз үйге қатысты лексика – қазақ мәдениетінің тұтас бір энциклопедиясы» [4, 311], – деп орынды тұжырым жасаған.

Нәтижелер. Көшпелі өмір салты жомарттық, жаңаға ашықтық, басқа адамның бостандығын құрметтеу сияқты қасиеттердің қалыптасуына тікелей әсер етті, бұның бәрі қазақ халқының тілінде, дәстүрлері мен тұрмысында көрініс тапты.

Өзбек халқының мәдениеті негізінен қала мәдениетіне жақын, бұл тұрмыстық лексикада да көрініс табады. Өзбек тілінде көбінесе әлеуметтік қатынастар мен қала мәдениетіне негізделген сөздер жиі кездеседі. Мысалы, «mahalla» өзбек сөзі қаладағы немесе ауылдағы бір қауымдастықты білдіреді, яғни тұрғындардың әлеуметтік және мәдени байланыстары бар, белгілі бір аумақта тұратын адамдар тобы. Бұл сөз өзбек мәдениетінде және қоғамында маңызды рөл атқарады, өйткені махаллада адамдар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады.

Қазақ тілінде махалла сөзін дәл сол мағынада қолдану мүмкін емес, өйткені қазақ тілінде бұл сөздің тікелей баламасы жоқ. Дегенмен, ауыл немесе қалашық сөздері белгілі бір тұрғындар тобының, қауымдастықтың өмір сүруін білдіреді. Ауыл – ауылдық жердегі тұрғындардың жиынтығы, ал қалашық – шағын қала немесе елді мекен, яғни махалла сөзін қазақ тілінде ауыл немесе қалашық ретінде қолдануға болады, бірақ ол сөздің мәдени және әлеуметтік контекстін толық жеткізбейді. Махалла - бұл тек географиялық орналасу емес, сонымен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен дәстүрлерді білдіретін ұғым.

Түркі тілдерінің табиғатына сәйкес қазақ, өзбек тілдерінде адамнан басқа жанды зат атауларына не?/nima? сұрақтары қойылады, сондай-ақ тек категориясының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, лексикалық негізде ажыратылады: шал – chol (qariya), кемпір (кейуана) – kampir, ата – ota, әже – ona, бала – bola, қыз – qiz, т.б. Зат есімдер құрылымына, жасалуына қарай – түбір/tub: ac – osh, бел – bel, ic – ish; туынды/yasama: білім – bilim, жұмысшы – ishchi, байланыс – o'roq, құрдас – sinfdosh, бөлме – tortma, т.б.; күрделі/qo'shma: аққу – oqqush, дос-жаран – do'st-yor, Қазақстан Республикасы (ҚР) – Qozog'iston Respublikasi (QR), Өзбекстан Республикасы – O'zbekiston Respublikasi (O'zR), т.б. болып үш топқа бөлінеді. Қазақ тілі грамматикасы бойынша күрделі зат есімдер іштей бірнеше топқа жіктеледі: біріккен (кіріккен) күрделі зат есімдер, қосарлы күрделі зат есімдер, тіркесті күрделі зат есімдер, қысқарған күрделі зат есімдер. Қазақ және өзбек тілдерінің салыстырмалы грамматикасы арқылы жасалған сөздер қарастырылады. Өзбек тілінде күрделі зат есімдерді құрамына қарай төмендегіше бөлуге болады: қосарланған зат есімдер, қайталанған зат есімдер, тіркескен зат есімдер. Зат есімдердің құрамындағы сөз санына байланысты дара және күрделі деп бөлу дәстүрі де бар. Зат есімдер көптік, жіктік, тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді. Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Қазақ және өзбек тілдерінде көптік мән лексикалық негізде де айқындалады, мысалы: балашаға – bola-chaqa 'bolalar'. Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсуінің негізгі амалы болып табылады. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі. Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді. Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік, т.б. грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады. Қазақ-өзбек тілдеріндегі зат есімдердің сөйлем құрамындағы қолданысы – бастауыш қызметінде жұмсалады: ана ас пісіріп жатыр – ona osh pishiryabdi; баяндауыш қызметін атқарады: кітап – білім бұлағы – kitob – bilim bulog'i; толықтауыш болады: мен бұл әңгімені өте жақсы көремін – men bu gapni juda yaxshi

ko'raman; анықтауыш қызметін атқарады: баланың кітабы ашық тұр – bolaning kitobi ochiq turibdi; пысықтауыш қызметінде қолданылады: үйде ешкім жоқ – uyda [5, 71]

Ғылым тілі – терминдер жүйесіндегі араб және парсы сөздерінің алатын орны мен қолданылу ерекшелігі туралы мәселе бірқыдыру ғылыми мақалалар мен ғылымның арнайы салаларындағы терминдерді зерттеуге арналған диссертациялық еңбектердің жекелеген тарауларында жалпы түрде қарастырылып, сөз етілгенмен, терминологияның негізгі арналарының бірі болып есептелетін шығыс элементтері өз алдына жеке ғылыми-зерттеу жұмысының арнайы нысаны болған емес [6, 23]. Сананың пайда болуы екі факторға байланысты: біріншісі – еңбек, екіншісі – тіл. Тіл – сананың (ойдың), материяның көрінісі, негізі. Тілсіз сана жоқ, ал санасыз (ойсыз) адам да болмайды. Сана әрдайым тілдік негізде өмір сүреді, ол тілмен бірге дамиды. Тілге байланысты сана қоғамдық құбылыс ретінде дамып, қоғамдық рухани жеміске айналады [7, 17]. Тіл – дамып отыратын динамикалық құбылыс. Сондықтан тілдегі кейбір құбылыстарды әркез қайта қарастырып, ондағы өзгерістер мен жаңалықтарды тіркеп, реттеп отыру қажет. Қазақ жазуын реформалау тек әліпби ауыстыру ғана емес, тілдік заңдылықтарды қайта жаңғырту мәселесімен де тығыз байланысты [8, 18].

Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың салыстырмалы талдауы екі халықтың мәдениетінің, тұрмыс-салтының және дүниетанымының көрсеткіші болып табылады. Ұқсастықтар мен айырмашылықтар олардың тарихи байланыстары мен әлеуметтік мәдени ерекшеліктерінен туындайды. Қазақ және өзбек тілдеріндегі тұрмыстық лексикада кездесетін ортақ сөздер мен ұғымдар түркі тілдерінің туыстығын көрсетеді, ал айырмашылықтар әр халықтың өмір салты мен мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Зерттеу 20 ғасырдың басындағы жазба түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу процесін қарастыруға арналған. Зерттеу қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар және әзірбайжан, гагауз және түрікмен тілдерінің материалдары бойынша түркі тілдерінің жеке лексикологиясын құруға негізделген. Түркі тілдес халықтардың ұлттық жазба дәстүрлері олардың сөздік қоры мен лексикологиясының қалыптасуы, әдеби ұлттық тілінің даму кезеңі талданады [9].

Бұл зерттеу қазақ және өзбек тілдерінің мәдениеттері мен салт-дәстүрлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Американдық лингвист Э. Сепирдің сөзімен айтқанда «тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан, халықтың тұрмыс-тіршілігімен әбден қабысып кеткен салт-дәстүр мен наным-сенімдерден алыс кетпейді» [10, 48]. Осылайша, ұлттық дүниетаным мен парасат арқылы кез-келген халықтың болмысына біткен төл мәдениетінің өз ана тілінде таныту қазіргі тіл ғылымында лингвомәдениеттану ғылымының орны ерекше. Тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мен байланысы терең. Тіл табиғи құбылыс, әрі адамдардың арасындағы негізгі құралы болғандықтан, мәдениеттің тууы мен дамуына тікелей қызмет етеді. Егер тіл болмаса, адамзаттық мәдениеттің барлығы туралы әңгіме айта да алмаған болар едік. Сондықтан, әр халықтың мәдениетінің өмірінен хабар беретін атаулар мен құбылыстар тіл ғылымында лингвомәдениеттану сипатында танылған. Мұндай семантикалық ерекшеліктерді саралау арқылы әр халықтың тұрмыс салты, экологиялық жағдайы, тарихи-мәдени өзара ықпалы жөнінде тұжырым жасауға болады. Е. Жанпейісов: «Тіл – халық мәдениетінің айнасы. Әрбір сөзде тұтас бір дәуірдің, өмір салтының, наным-сенімінің ізі бар» [11, 89], – дейді.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканы «Мәдениет-Тіл» контекстінде салыстыра зерттеу барысында олардың арасындағы тұлғалық-мағыналық ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалады. Егер ұқсастықтардың табиғатын қазақ және өзбек тілдерінің өзара туыстық байланысымен және екі халықтың ғасырлар бойы үзіліссіз жалғасып келе жатқан көршілік қатынасымен түсіндіруге болатын болса, айырмашылықтардың себебін көшпелі өмір салтына негізделген қазақ мәдениеті мен отырықшылық өмір салтын ұстанған өзбек халқының тұрмыстық мәдениеті арасындағы өзіндік ерекшеліктерден іздестіруге болады. Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексика халықтардың ұлттық психологиясын, салт-дәстүрін, мінез-құлқын

және дүниетанымын көрсетеді. Қазақ халқының кеңдігі мен ашықтығын, өзбек халқының қонақжайлығы мен еңбекқорлығын тілдегі сөздер мен сөз тіркестері арқылы зерделеп, сол халықтардың табиғи болмысы мен менталитетін анықтауға болады. Сондай-ақ, қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексика мен олардың ұғымдарының өзгерісі мен үрдісі, тек күнделікті тұрмысқа қатысты сөздердің өзгеруінен ғана емес, сондай-ақ мәдени және тарихи байланыстардың терең ықпалынан да көрінеді. Екі тілдегі тұрмыстық лексиканы зерттеуді жергілікті географиялық ерекшеліктер, сонымен қатар тарихи, әлеуметтік және діни факторлармен де байланыстыру қажет.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексика – ұлттың рухани, мәдени болмысының айғағы. Екі тіл арасындағы лексикалық ұқсастықтар – тарихи туыстық пен мәдени алмасудың көрінісі болса, айырмашылықтар – әр ұлттың этнолингвистикалық ерекшелігін айқындайтын белгі. Бұл бағыттағы зерттеулер тек тілдік емес, мәдени-тарихи сабақтастықтарды да анықтауға негіз болады.

Әдебиеттер:

1. Уәли Н. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері» А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2015. – №3. 40-52 б. URL: <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/514/354>
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Исаев С. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1998. – 215 б.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 368 б.
5. Түймебаев Ж., Ескеева М., Журакузиев Н., Киличов Н. Қазақ және өзбек тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 244 б.
6. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 168 б.
7. Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде) филос. док. (PhD) дис.: – Алматы: 2019. – 163 б.
8. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері. – Алматы: Тіл білімі институты, 2018 ж. – 160 б.
9. Cognitive Aspects of the Phraseology of Precipitation in the Kazakh and Kyrgyz Languages. N., Milovanova, Natalya, M.K., Yeskeyeva, Magripa K. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2024. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10318>
10. Сепир, Э. Язык. Введение в изучение речи. – М.: Издательство Юрайт, 2025. – 211 с.
11. Жанпейісов Е. Қазақ прозасындағы ұлттық тіл көрінісі. – Алматы: Ғылым, 1995. – 204 б.

Ж.Е. АБЖАМАЛОВА, Г. САҒИДОЛЛА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

СЕМАНТИЧЕСКИЙ СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПРЕДМЕТНО-БЫТОВОЙ ЛЕКСИКИ В КАЗАХСКОМ И УЗБЕКСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. Одной из актуальных проблем в лингвистике является сравнение слов и понятий тюркских языков, относящихся к жизни, быту, изучение особенностей их значения и употребления. Это связано с тем, что в лексическом фонде любого языка отражаются специфические особенности этнической культуры каждой нации. Слова и понятия в каждом языке, контекст их употребления отражают мировоззрение, быт и культурные традиции народов. Казахский и узбекский языки – родственные языки с глубокими историческими корнями, принадлежащие к одной ветви тюркских языков. В результате многовековых языковых связей в обоих языках сформировался общий лексический фонд. Особенно ярко это проявляется в области предметно-бытовой лексики. Лексический слой дает много информации о быте, хозяйстве, культуре, обычаях и традициях народа.

Предметно-бытовая лексика и представляемые ими понятия в языках двух народов могут иметь разные значения в зависимости от культурного контекста. Бытовая лексика является средством сохранения культурных ценностей, поэтому предметно-бытовая лексика в казахском и узбекском языках играет важную роль в передаче традиций, обычаев и мировоззрения своего народа. Их сравнение, несомненно, приведет к выявлению общности и самобытности в традициях и мировоззрении казахского и узбекского народов, видении и восприятии мира, многовековой жизненной деятельности, а также окажет определенное влияние на взаимовыгодное укрепление и интеграцию межкультурного и межъязыкового взаимодействия.

Ключевые слова: тюркские языки, казахский язык, узбекский язык, предметно-бытовая лексика, этническая культура, культурные ценности.

ZH.E. ABZHAMALOVA, G. SAGIDOLDA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

SEMANTIC COMPARATIVE ANALYSIS OF HOUSEHOLD VOCABULARY IN KAZAKH AND UZBEK LANGUAGES

Annotation. One of the topical issues is the comparison of words and concepts of the Turkic languages related to life, everyday life, the study of the peculiarities of their meaning and usage. This is due to the fact that the lexical fund of any language reflects the specific features of the ethnic culture of each nation. The words and concepts in each language and the context of their use reflect the worldview, way of life and cultural traditions of the people. Kazakh and Uzbek are related languages with deep historical roots, belonging to the same branch of the Turkic languages. As a result of centuries-old linguistic ties, a common lexical fund has been formed in both languages. This is especially evident in the field of household vocabulary. The lexical layer provides a lot of information about everyday life, economy, culture, customs, and traditions of the people.

Everyday vocabulary and the concepts they represent in the languages of the two fraternal people may have different meanings depending on the cultural context. Since household vocabulary is a means of preserving cultural values, household vocabulary in the Kazakh and Uzbek languages plays an important role in transmitting the traditions, customs and worldview of their people. Their comparison will undoubtedly lead to the identification of commonality and identity in the traditions and worldviews of the Kazakh and Uzbek people, vision and perception of the world, centuries-old life activities, and will also have a definite impact on the mutually beneficial strengthening and integration of intercultural and interlanguage interaction.

Keywords: Turkic languages, Kazakh language, Uzbek language, ethnic culture, cultural values.

Авторлар туралы мәлімет:

Абжамалова Жанар Ерғалиқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Абжамалова Жанар Ергалиевна – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Abzhamalova Zhanar Ergalievna – doctoral student at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Сағидолда Гүлғайша – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Сағидолда Гульгайша – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Sagidolda Gulgaysha – doctor of Philological Sciences, professor at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.